



29 шілде, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

«АЗ СӨЙЛЕП, КӨП ІС ТЫНДЫРУ КЕРЕК»



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ақмола облысына жұмыс сапары ресейлік «Ростсельмаш» компаниясымен арадағы ынтымақтастық аясында VECTOR410KZ және ACROS астық жинау комбайндарын құрастыратын «KazRost Engineering Ltd» кәсіпорнының жүйесімен танысудан басталды. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы техникалары мен тракторлар құрастыратын цехты аралап көрді.

Компания директоры Қайрат Қалманбаевтың айтуынша, былтыр 29,5 миллиард тенгеге 504 комбайн шығарылған. Биыл жыл соңына дейін 598 комбайн және УТО маркалы, дөңгелекті 300 трактордың төрт түрін шығару жоспарланып отыр. Қазіргі таңда кәсіпорында 162 адам еңбек етеді.

Мемлекет басшысы компанияның шығарып жатқан өнімі Қазақстанның солтүстік өңіріндегі тың жерлер үшін маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының жаңадан сайланған ауыл әкімдерімен кездесті.

– Шын мәнінде, ел тарихында осындай сайлау алғаш рет ашық әрі әділ өткізіліп отыр. Халық тарапынан ешқандай шағым түспеді. Мұндай сайлау болған емес. Біз сайлауды

біреуге ұнау үшін емес, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту үшін өткіземіз, – деді Президент.

Ақмола облысының орталығы Көкшетау қаласына жұмыс сапары барысында балалар мен жасөспірімдерге арналған 1172 орындық «Bolashaq sarayı» ғимаратын аралап көрді. Мемлекет басшысына көрме залы, 3D жобалау лабораториясы, киберқауіпсіздік, Lego Mindstorms, өнеркәсіптік интернет заттары, электроника және жаңартылған энергия көздері кабинеттері таныстырылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев қатерлі ісік ауруының белгілері бар және осы дерт бойынша есепте тұрған науқас адамдарға консультативті-диагностикалық көмек көрсетуге мамандандырылған онкологиялық емхананы аралап көрді.

Президент сапарында «Eurasia Group Kazakhstan» ЖШС-ның сервис орталығы жұмысы да назардан тыс қалған жоқ. Бұл – John Deere маркалы ауыл шаруашылығы техникаларының барлық түріне қызмет көрсететін ТМД-дағы ең ірі сервис орталығы. Жаңа аутлет қазіргі заманның талаптары мен үрдістеріне жауап береді. Қазақстан бойынша қосалқы бөлшектердің үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар техникаларды күрделі жөндеу және қайта қалпына келтіру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Ақмола облысына жасаған жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаевқа аймақ әкімі Ермек Маржықпаев өңірдегі жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар мен Көкшетау қаласының даму перспективалары туралы есеп берді. Президентке аймақтың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, агроөнеркәсіп, туризм, тау-кен металлургиялық кешені, машина жасау, құрылыс индустриясы, энергетика және басқа да салалардағы инвестициялық жобалар таныстырылды.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ШІЛДЕДЕ ІНДЕТ ТАҒЫ ӨРШІДІ

Жұқпалы індет өршіп барады. Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жедел штаб отысырында аймақтағы эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мәселелерін талқылап, қатаң тапсырма берді.

Өңірде вирустың тәулігіне 100-ден астам жағдайы анықталып отыр. Ахуал күрделі, сақтық шараларын қатаң түрде күшейту қажет.

– Республика бойынша жаңа үнділік «Дельта», оған қоса «Дельта плюс» штамы тіркеліп, қазіргі таңда біздің облысымызда кең таралууда. Жағдай өте ауыр. Былтыр осы кезеңде, облысымызда коронавирус инфекциясынан өлім-жітім саны көп болғаны белгілі. Биыл сол қайтыс болған адамдардың жылдық «астары» өткізілуде және тойдың да тыйымталып тұрғаны туралы мәліметтер түсуде. Күні кеше Қызылорда қаласындағы «Арнау паласы», «Бақ-Сарай» мейрамханаларында отбасылық шаралар өткізілген. Алайда, бұл мониторингтік топтардың назарынан тыс қалған. Дәл осындай жиын-тойлар аудандар көлемінде де аз болып жатқан жоқ. Сондықтан

мониторингтік шаралардың жұмысын қатаң түрде күшейту қажет, – деді облыс әкімі.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің басшысы Динара Жаңабегенова осы жылдың наурыз айындағы мерекелік күндерден кейін сәуірде ауру саны күрт өсіп, тәуліктік тіркемелің артқанын айтты. Мұнан бөлек, департамент басшысы әлі де екіпке алмаған жекелеген санатты азаматтардың вирус жұқтыру қаупі жоғары екенін, ал ұжымдық вакцина алған қызметкерлердің аурушандық деңгейі төмендеп келетінін тілге тиек етті. Сондай-ақ, ол Қызылорда қаласында аурушандық көрсеткіші жоғары болуы себепті Қызылорда қаласы үшін жаңа қаулы қабылданып, күшейтілген түрде сақтық шаралары енетінін хабарлады. Сонымен

демалыс күндері қарым-қатынасты мейлінше шектеу белгіленіп отыр.

Ал, облыстық полиция департаментінің бастығы Бектөре Сұлтаннның айтуынша, өңірдегі мониторингтік топтардың жұмысын ширата түсу үшін олардың құрамына тәжірибелі сала басшыларын қосып, бақылауды күшейту қажет.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сабит Пазылов жүктеменің артуына байланысты коронавирустың індетін емдеуге арналған инфекциялық төсек орын саны 3 есеге ұлғайғанын мәлімдеді. Бүгінде 1820 төсек орын ұйымдастырылған. Қажеттілікке қарай инфекциялық және провизорлық стационарларда төсек-орын қорын 3200-ге дейін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Сонымен бірге 518 орын орталықтандырылған оттегімен жабдықталған. Үй жағдайында ем алуға мәжбүр азаматтарға 138 дәрігерлік мобильдік топ құрылған. Олар науқастарға шұғыл түрде жетуі үшін облыс әкімдігі мен қала әкімдігі тарапынан қосымша көліктер қарастырылды.

2-бет

● ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ



Несиеге тірелген түйткіл көп

Қазір банк қызметіне жүгініп, өсімақымен несие алмаған адамды табу оңай емес. Ең қиыны, біз қарызға өмір сүруге әбден бой алдырдық. Соңғы бір жылда халықтың қарыз алу қарқыны 22,1 процентке артқан. Ұлттық банктің облыстағы филиалы баспасөз қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, жеке тұлғаларға берілген несие көлемі 22,1 процентке артып, 247,7 млрд теңгеге құраған. Заңды тұлғалардың несиесі 2,1 процентке, яғни 60 млрд теңгеге дейін өскен. Ал қысқа мерзімді несие көлемі 7 процентке, ұзақ мерзімді несие көлемі 18 процентке, яғни 288,8 млрд теңгеге дейін артқан.

СБ Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

Несиеге қажеттілік болған соң алатынымыз рас. Жұртшылық басындағы баспанадан бастап, үстіндегі киім, қолындағы қымбат телефоннан бөлек, күнделікті тұтынатын азық-түлікті де несиеге рәсімдейтіні жасырын емес. Қазір барлық супермаркетте азық-түлікті банк карточкасын пайдалану арқылы бөліп төлеуге болады. Күнделік тон, соңғы үлгідегі тұрмыстық техника, телефон алып, сол үшін жылдар бойы банкке қарыз болып жүру қалыпты жағдайға айналды. Ол аз десеңіз, шетелге барып демалу мен қымбат темір тұлпар тізгіндеуді бәсекеге ұластырдық. Ал бұл тізбекке тойдың түр-түрін несиеге өткізетіндерді қосаңыз. Оның себебі де жоқ емес, айлығы шайлығынан ауыспайтындар, амал жоқ, банкке барып қарыз алады. Қысқасы, тіршілікте несиеге тіреліп тұрған түйткіл көп.

Бір мысал келтірейін. Автобуста жуырда отау құрған танысымды кездестіріп қалдым. «Менің қазір бір ғана мақсатым бар. Ол – банктен алған несиемді төлеу» дейді мұнайып. Ата-анасы той

жасауға 3 миллион теңге алған екен. Төрт жылда оны бірнеше есе етіп қайтаруы тиіс.

– Алғашқы екі жыл бойы жалақымыз түгел несиеге беріп келдім. Зайыбымның табысына өмір сүрдік. Өмір сүрдік деген аты ғана. Барлығын үнемдедік, етті тек мерекелерде ғана жеп жүрдік. Осы аралықта сәбиіміз дүниеге келіп, келіншегім демалысқа шықты. Айттып-айтпай не керек, банкке үш айлық қарыз жиналып қалды. Олар күнде телефон шалады, қорқытып-үркітеді, қарызды төлеуді талап етеді. Қысылғанда кім ақша береді? Ата-анам зейнеткер, ағам мен інімнің банкте өздерінің несиесі бар. Қарызымды төлеу үшін жұмыс іздеп шықтым. Кез келген жұмысты істеуге әзірмін, – дейді танысым.

Иә, осылайша бір-екі күндік қызық үшін алынған қарыз бара-бара бір шаңырақтың іргесін шайқалтып кетпесе иті.

2-бет



TOKYO 2020



Жаһан жаңарындағы Жапония

Көңіл алаң, үміт үзілмейді

Жапонияда өтіп жатқан Жазғы Олимпиада ойындарында алғашқы үш күнде Қазақстан спортшылары үш қола медаль алған болатын. Дегенмен одан кейінгі екі күнде қоржынымыз бос. Жүлдегер атануға басты үміткер болған спортшыларымыздың өзі жарыстың алғашқы сатысынан әріге ұзай алмай жатыр.

Еліміздің боксшылары бұған дейінгі Олимпиадаларда бос қайтқан емес. Қазірге дейін Қазақстан құрамасы барлығы 69 медаль еншілеген екен. Оның ішінде 22-сі бокстан түскен. Қазақстандық былғары қолғап шеберлері барлығы 7 алтын, 7 күміс, 8 қола алды. Бұл – жоғары көрсеткіш. Одан кейінгі орында дуыр атлетика тұр, олар 15 медаль (6-5-4) еншіледі. Ал жеңіл атлетикадан бүгінге дейін 2 алтын, 2 күміс бар.

Токио Олимпиадасына елімізден барлығы 9 боксшы барды. Олардың 8-і ерлер. Өкініштісі, қазірге дейін 5-уі жарыс жолынан шығып қалды. Алдымен 69 келіде Абылайхан Жүсіпов америкалық Джонсон Делантеге есе жіберді. Аталған салмақта бұдан бұрынғы төрт Олимпиадада алтын медаль бұйырған еді.

4-бет



Ұлтының сенімі ұзаққа ұшырғай

Бүгін, 29 шілдеде Токио Олимпиадасында еліміздің атынан қызылордалық боксшы Қамшыбек Қоңқабаев (91 келден жоғары) шаршы алаңда егінеттік Есрі Рез Мустафамен қолғап түйістіреді. Бұл енді Қамшыбек үшін үлкен сын. Ол Олимпиададағы тұсаукесер жекпе-жегі өткізеді. Бокстан ұлттық құрама капитаны қазақстандық жанкүйерлерге үлкен қуаныш сыйлайды деген ойдамыз.

СБ Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Қамшыбек Қоңқабаев 1991 жылы 18 қарашада Қызылорда қаласында дүниеге келген. Әлем чемпионатында қос дүркін (2017, 2019) және Азия чемпионатында 3 мәрте (2017, 2019, 2021) күміс жүлдегер атанған. 2014 жылы әскерилер арасында Әлем чемпионы атағына қол жеткізді.

Біз Қамшыбек жайлы не білеміз? Боксқа келуіне кімнің әсері болды? Ата-анасы қандай жанлар? Оған жауап әкесі Бисенбай Қоңқабаев пен бокстан облыстың аға бапкері Жәміл Жүсіповпен тілдескенде тарқатыла түсті.

4-бет



Шиелі ауданында «Шиелі Шұжық» ЖШС бастамасымен шұжық цехы өз жұмысын бастады. Кәсіпкерге серіктес ретінде «Байқоңыр» ӘКК осы жобаға 32 млн теңге қаржылай қолдау көрсеткен.

СБ Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Цех заманауи құрылғылармен жабдықталған. Тәулігіне 500 келіге дейін шұжық шығаратын шағын кәсіпорын тапсырыс болса, одан көп өнім дайындай алады.

Мұнда әзірге 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал кәсіпкер Патима Маханбеттің айтуынша, 12 түрлі шұжық дайындайтын цехтың басты мақсаты – саннан гөрі сапаға мән беру.

– Серіктестік былтыр желтоқсан айында құрылған болатын. Қазір барлық талапқа сай өнімдері нарыққа шыға бастады. Шұжық түрлері Шиелінің өзінде ғана сатылып жатқан жоқ, облыс орталығындағы әлеуметтік дүкен сөрелерінде де бар, – дейді «Байқоңыр» ӘКК» АҚ жобаларды талдау және іске асыру басқармасының басшысы Жәнібек Ахметов.

Айта кетсек, бұл – экологиялық таза, отандық өнім. Сондай-ақ шұжыққа қажетті шикізатпен қамтамасыз ету үшін халал стандарты бойынша мал сою цехы да салынған.

«ЖҰМЫС САПАСЫ ӘСТЕ БАҚЫЛАУДАН ШЫҚПАУЫ ТИІС»

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен облыс әкімдігінің кеңейтілген мәжілісі өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, салалық мекеме басшылары және секторлық байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері қатысты. Күн тәртібінде 3 мәселе қаралды: 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша облыстық бюджеттің игерілуі және әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары, салық салу базасын кеңейту мәселесі мен 2021-2022 жылдардағы жылу маусымына дайындық барысы.

Бірінші мәселе бойынша облыстық қаржы басқармасының басшысы Елена Шаврова мен облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай баяндама жасады.

2021 жылдың 1 шілдесіне облыста бюджет түсімдері 105,2% орындалды. Шығындар жоспары 99,8% игерілген. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жергілікті бюджеттердің меншікті кірістері 7,7 млрд теңгеге өсіп, 127,6%-ті құрады. Қызылорда қаласы мен аудандар 1-жартыжылдықта барлық бюджеттегі қаражатты 99,9-100% игерді. Алайда, бұл тізімге Арал ауданы кірмейді. Себебі, бюджет игеру көрсеткіші 99,7% құрады.

Осы жылдың бірінші жартыжылдығында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын барлық макрокөрсеткіштер бойынша өсім қамтамасыз етілген. Өнеркәсіп өндірісінде 344,7 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 0,5% құрады. Ауыл, орман және балық шаруашылығында 28,5 млрд теңгенің жалпы өнімі өндіріліп, өсім 2,8% құрады. Ал, инвестициялар көлемі 13,6%, атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі 34% артты. Сондай-ақ, 297,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өсім 5,3% көрсетті. Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны да 6,1% артып, 49 808 бірлікті құрады.

Мұнымен қоса, бөлшек саудада көлемі 145,2 млрд теңгенің тауары сатылып, 1% өсім қалыптасты.

Жалпы, 2021 жылдың қорытындысымен Жалпы өңірлік өнім көлемінің өсімін 101,5% деңгейге жеткізуге жоспары тұр.

Облыс әкімі қаржының игерілуі мен әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту бойынша нақты тапсырмалар берді.

— Ай сайын қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес қаражатты толық, оның ішінде республикалық бюджет қаражатын 100 процентке игеру қажет. 2021 жылға жоспарланған барлық конкурстық процедураларды мерзімінде аяқтап, келісім-шарттарды тіркеуді қамтамасыз етіңіздер. Үстеміздегі жылдың 7 айының қорытындысымен бюджет қаражатын игеруде төмен көрсеткіштер орын алған жағдайда жауапты лауазымды тұлғаларға тәртіптік шара көрілетіндігін ескертемін. Мұнымен қоса, Арал ауданының Жақсықалың кентінде дене шынықтыру кешенінің құрылысын және Жанакорған кентіндегі тұрғын үйлерге су құбырларын жеткізудің сервистік желісін іске қосуды тапсырамын. Стратегиялық құжаттардың да сапалы орындалуы тұрақты бақылауда болуы қажет. Облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық даму жоспары, облыс әкімінің 2021 жылға арналған Іс-қимыл жоспары және 2019-2022 жылдарға



арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының Кешенді жоспарын 2021 жылға межелеген барлық іс-шаралардың және нысаналы индикаторлардың орындалуын қамтамасыз ету міндеттелді, — делі аймақ басшысы.

Салық салу базасын кеңейту мәселесіне қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орыннов баяндады.

2021 жылды нәтижелі аяқтау үшін 31 033 салық төлеуші қамтылған 30 бағытта «мақсатты топ» құрылып, салықтық және келендік әкімшілендіру жұмыстары атқарылуда. 2021 жылдың 1 жартыжылдығына жергілікті бюджеттің болжамы 135% орындалып, 35,9 млрд теңге қаржы түсті. Мұнай бағасының құлдырауы, жұмыскерлер санының қысқаруы

салық базасының тұрақтылығына теріс әсерін тигізуде. Осы орайда, қолда бар резервтерді пайдалану арқылы тұрақты салық салу базасын ұлғайту міндеті тұр.

Аймақ басшысы салық салу базасын кеңейту мақсатында бірқатар міндеттемелерді атап өтті. Тозығы жеткен, жарамсыз көліктерді есептен шығаруды қамтамасыз ету, мемлекеттік қабылдаудан өткен жол құрылысы, газ, су құбырлары мен электр желілері, олардың меншік иелерін нақтылап, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына және мемлекеттік кірістер департаментіне ұсынуы қажет.

Мемлекеттік бағдарлама аясында бөлінген қаржыға және оның қайтарымына бақылау жасауды және 1 ай мерзімде кәсіпкерлік субъектілеріндегі жұмысшылардың саны, олардың мүлкі және

өндіріс көлемін анықтау бойынша тиісті мемлекеттік уәкілетті органдардың қатысуымен жұмысшы тобын құруды тапсырды. Сондай-ақ, мүлік салығы базасын ұлғайту мақсатында жаңадан тұрғызылған үйлерді анықтап, ескі бағалау құнымен қалған үйлер бойынша қайта бағалау жұмыстарын жүргізуге қажет екенін атап өтті. «Бір ай мерзімде көлемі егіс көлемін анықтап, оларды салықтандыру мақсатында іс-шара жоспарын әзірлеп, бекітуге ұсыныс енгізіңіздер», — делі Г.Әбдіқалықова.

Айта кету керек, жоғарыда аталған тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Нұрлан Тілешевке жүктелді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Жанабаев баяндады.

«Қызылорда жылу электр станциясы» кәсіпорнында 2 қазандық, 5 күштік трансформатор, 17 АБМҚ және 4,1 шақырым жылу жүйелеріне, «Қызылорда Оңтүстік жылу орталығы» филиалының 7 қазандығына, «Қазалы-Теміржол-жылу» филиалының 4 бу қазандығына жөндеу жұмыстары 78% орындалған. «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ осы жылы 602 шақырым электр желілері мен 79 дана әртүрлі кернеулі қосалқы стансаларға күрделі жөндеу, 487 шақырым электр желісі мен 61 дана әртүрлі кернеулі қосалқы стансаларға ағымдағы жөндеу жұмыстары қаралып, 55% орындалған. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалы алдағы жылу беру маусымына

дайындық үшін 50 дана ГРП мен 208 дана ШРП-ға ағымдағы жөндеу жұмыстарын (80%) жүргізген. Ал, «Қызылорда су жүйесі» МКК 1,5 шақырым ауызсу және көріз жүйелеріне, ауызсу қысымын көтеру станциясының 4 дана насос жабдықтарына ағымдағы жөндеу жұмыстарын 69% орындаған.

Әлеуметтік сала нысандарына алдағы жылу беру маусымында 33 мың тонна қатты және 25 мың тонна сұйық отын, ал тұрғындарға 140 мың тонна қатты отын қажет. Облыс бойынша орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 811 көпқабатты тұрғын үй бар, бүгінгі күні олардың 12%-і жылу беру маусымына дайын. Қалғандарында бекітілген кестеге сәйкес жұмыстар жүруде.

Облыс әкімі жоспарланған жөндеу жұмыстарын бекітілген кестеге сай аяқтауды және осы жылдың 1 қазанына дайындық паспорттарын алуын, әлеуметтік нысандар мен тұрғындарға қажетті отын қорын жасақтауды тапсырды. Тұрғындарға қажетті көмір отынына бағананы өсуін, ортадағы делдалдықты болдырмау мақсатында, көмір жеткізуді кәсіпкерлермен тікелей келісім-шартқа отыру бойынша жұмыстарды өйдестіріп, газ желісі жүргізілген кенттер мен елді мекендердегі білім беру және денсаулық ұйымдарының қазандықтарын газға алмастыру бойынша шаралар қабылдауды жүктелді. Көпқабатты тұрғын үйлердің күрделі жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізуге және олардың жылу беру маусымына дайындығын 1 қазанға дейін аяқтау қажет екенін айтып, жұмыс барысына қауіпсіздікті мониторинг жүргізуді және облыстық штабтың күн тәртібіне енгізуді тапсырды. Бұл жұмыстардың орындалуын бақылау орынбасары Серік Сүлейменовке жүктелді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ШІЛДЕДЕ ІНДЕТ ТАҒЫ ӨРШІДІ

Облыста вакцина салынуға тиіс 401 мың тұрғын болса, соның бүгінде 1 компонентін 211 445-і алып үлгерді. ІІ кезеңді салдару кестеге сәйкес жүргізілуде. Бүгінгі таңда вакциналаудың 106 кабинетіне 133 мейірбике мен 89 дублер тартылған.

Басқарма басшысы осы ретте аймақтағы емдеу орындарында төсек-орын қоры жеткілікті екенін айтып, кеселді уақытылы анықтап, қажетті ем-дом шараларын қабылдауға шақырды.

Жиында облыс әкімі дәрі-дәрмек мәселесін саралады. Облыстық медициналық және фармацевтикалық қалағалау департаменті басшысының міндетін атқарушы Ғалима Азирова апта сайын коронавирустық инфекцияны амбулаториялық емдеу кезінде пайдалана

нылатын сұранысқа ие 10 дәрілік заттың мониторингін жүргізіліп, қызулы түсіретін, қабынуға қарсы, антикоагулянттардың 2 айлық мөлшері жасақталғанын, қажет болған жағдайда қор толықтырылатынын хабарлады.

Бұл ретте облыс әкімі керекті дәрілердің ауылдар мен қала шетіндегі дәріханаларға уақытылы және қажетті мөлшерде тұрақты түрде жеткізілуін қадағалауды тапсырды.

Штаб отырысында облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердуси Қожабергенов «Ashyq» жобасына кәсіпкерлерді белсенді түрде тарту жұмыстары туралы баяндады. Бүгінде 252 нысан «Ashyq»-қа енген.

Облыс әкімі жедел штаб отырысында айтылған әрбір маңызды мәселе бойынша тиісті тапсырма

берді. «Ashyq» жобасына қатысуды белсенді жүргізу, науқастармен қарым-қатынаста болған тұрғындарды шұғыл анықтап, індеттің таралуына жол бермеу сынды барлық қорғаныс амалдарын күшейтуді міндеттеді.

— Қазіргі таңда вакциналау мәселесіне басты назар аударылуы тиіс. Өйткені, ол — аурудан қорғандың бірден-бір жолы. Мұнан бөлек, төсек орынмен қамту, реанимациялық бөлімдердің дайындығы аса маңызды. Сондай-ақ, үйде емделіп жатқан науқастардың толыққанды ем алуын қамтамасыз ету қажет. Жағдайды ушықтырып алмас үшін күнделікті қадағалауды тапсырамын. Барлық жұмыс тұрақты бақылауда болсын, — делі облыс әкімі.

Берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Балжан Шаменовқа жүктелді.

● ТАҒАЙЫНДАУ

Облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы



Қызылорда облысы әкімінің өкімімен Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының басшысы қызметіне Медет Усаин тағайындалды.

Медет Усаин 1987 жылы туған. Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Көлік, көлік техникасы және технологиясы», Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Қаржы» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бас маманы ретінде бастаған.

2012-2013 жылдары — Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бас маманы;

2013-2016 жылдары — Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары.

2016-2020 жылдары — Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы, 2020 жылдың мамыр айынан облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы лауазымын атқарып келді.

Несиеге тірелген түйткіл көп

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАМЕН ҚОР ЖИНАЙТЫНДАР КӨБЕЙДІ

Көпшілік арасында «несиесі жоқ адам бақытты» деген тіркес пайда болды. «Бақытты» адамдар мүлде жоқ деуге болмас. Олар — айлық табысынан үнемдеп, бала-шағамның болашағына деп депозитке ақша жинайтындар. Мәселен, облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 19,5 процентке өсіп, 159,5 млрд теңгені құрады. Занды тұлғалардың салымдары 25,2 млрд теңге болса, жеке тұлғалардың салымдары 26,6 процентке дейін өсіп, 134,3 млрд теңгеге жеткен. Демек, пандемия жұртшылықты ақша жинауға үйретті десек, артық айтпаймыз. Сонымен бірге бүгінде шетелдің долларын емес, өзіміздің ұлттық валютамен қор жинайтындар қатары көбейген. Тағы да сандарды сөйлестек.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 30,3 процентке өсіп, 119,1 млрд теңгені, шетел валютасында 4,3 процентке төмендеп, 39,9 млрд теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі — 75, шетел валютасындағы үлесі — 25 процент.

Қарыз алушы адамзат қайдан үйренгенін кім білсін? Дегенмен, біздің елге несие алу, рәсімдеу түсінігі нарықпен кіргені анық. Алдымен мемлекет экономиканы көтеру үшін шетелдік несені тартты. Кейіннен екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдары сырттан әкелген қаржыны азаматтарға несие ретінде үлестірді.

Сарапшылардың есебіне, Қазақстанда азық-түлік сатып алуға деген шығын көлемі өсіп келеді. Мәселен, 2017 жылы 50,3%, 2018 жылы 52,2% артқан. Рас, тапқан-таянғанды тек тамаққа жұмсау жақсылықтың нышаны емес.

КУЛІП КЕЛІП, ЖЫЛАП ҚАЙТАДЫ

Алмақтың да салмағы бар дейді. Қарыз алды ба, оны қайтару керек. Арғы-бергі философия, ойшыл, зиялы қауым өкілдері де, психологтар да



дәулетті болу үшін ең әуелі шамадан тыс, қажетсіз шығындардан сақтану керектігін айтады. Қарыз алушы соңғы психологиялық тұрғыда адамға кері әсер ететін тағы бар. «Қарыздан қашан құтыламын?» деген сұрақтың өзі миыңызға тыныштық бермейтіні рас.

Ағылшын жазушысы Бернард Шоу: «Қарыз деген кез келген басқа қақпанға ұқсайды, оған түсу оңай, бірақ шығу өте қиын» деп әдемі келтіреді. Қазір қаншама адам банктер мен микронесиелік ұйымдардың қақпанына оңай түсіп қалғанын өзі де білмейді. Оның соңы үлкен өкінішке апарды. Осындай қарыздың кесірі тайалы шаңырақты шайқалтып, отбасын ойран еткенін де жоққа шығаруға болмайды. Мұндай мысалдарды айналамыздағы адамдардың күнделікті өмірінен көріп те жүрген боларсыз. Еңлесе, қарызға өмір сүрмеуді үйренсек игі. Бұлай айтуымыздың сыры Ұлттық банктің өндірілді филиалы ұсынған мынадай деректер еді. Тұтынушылық мақсатқа берілген несие көлемі 181 млрд теңге, жалпы қарыздың үлес салмағы 58,8 процентті құраған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,1 процентке өскен, яғни жұртшылық баспана алу, көлік алу сияқты үлкен мақсатқа емес, күнделікті тұрмыстық қажеттіліктер үшін осындай сома қарыз алған.

Осыдан екі жыл бұрын қарызды барлар берешегі басынан асып, төлем қабілеті төмендеген соң мемлекет қазынасынан төлеп берген еді. Сол уақытта 507 мың адамның 105 млрд теңге берешегі бюджет есебінен төленді. Десе де, мемлекет жыл сайын халықтың қарызын жауып беріп отырмасы анық. Оның үстіне несие несібені көбейтпесіне халықтың да көзі жеткендей.

● БРИФИНГ



Биыл Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімі 5 млрд теңгеге өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 1,9 есеге өсті. Ал, өңдеу өнеркәсібі 3,9 млрд теңгеге орындалып, 2,2 есеге артқан. Жыл басынан бері мемлекеттік бағдарламалар арқылы шағын және орта кәсіпті дамытуға 1 млрд 557,8 млн теңгеге 126 жоба қаржыландырылып, 171 адам жұмыспен қамтылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Асылбек Шәменов баяндады.

Сb Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Көптен күткен «көгілдір отын»

— «Бизнестің жол картасы — 2025» бағдарламасы аясында екінші деңгейлі банктендірілген облыстық филиалдары арқылы 21 жоба 253,4 млн теңгеге қаржыландырылып, проценттік мөлшерлемесі бағдарламаның шартына сәйкес субсидияланды. Оның ішінде 11 жоба 99,4 млн теңгеге ішінара қолпаландырылды. Ал «Еңбек» бағдарламасы аясында 36 жоба 146,7 млн теңгеге, «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ облыстық филиалының жеке қаражаты есебінен 3 жоба 47,6 млн теңгеге қаржыландырылған. Бұдан бөлек, «Агробизнес» бағдарламасы аясында «Ауыл» несие серіктестігі арқылы 25 жоба, «Сырдария-1» несие серіктестігі арқылы 12 жоба қолдау тапты. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 3 жоба егін өту жұмыстарын жүргізуге бағытталды, — делі аудан әкімі.

Жалағаш ауданының негізгі тіршілік көзі — ауыл шаруашылығы саласы бойынша өнімінің жалпы шығарылымы 2 млрд 809 млн теңгеге орындалып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,8 процентті құрады. Жыл басынан бері ауданнан 3568,5 тонна күріш экспортқа шығарылды. Айта кетейік, биылғы су тапшылығына орай, күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда қысқартылды. Оның орнына суды аз қажет ететін жаздық бидай, жүгері, арпа, мақсары, жаңа жоңышқа сияқты малазықтық дақылдар орналастырылды. Қазіргі уақытта шаруашылық құрылымдары егінді сумен қамтамасыз ету үшін 53 дана әртүрлі қуаттағы су тартқыш насос қондырғыларын іске қосып, күрішті суға бастыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Арал ауданында орын алған қуаныштық лайықсыз байланысты аймақтағы барлық шаруашылықтар, еріктілер тобы көмекке жұмылғаны белгілі. Бұл игілікті іске жалаңаштықтар да белсенділікпен үлес қосты. Нәтижесінде, Арал, Қазалы аудандары шаруашылықтарына 7,5 мың тонна мал азығы жеткізілді.

Ауданда инфрақұрылым және тұрғын үй құрылысы саласы бойынша нәтижелі жұмыстар атқарылған. Аз қамтылған көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін Ұлттық қордан 168 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, Жалағаш кентінің өсу динамикасына сәйкес «Ақтерек»

тұрғын үй салу аумағын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында жоба-сметалық құжаттар дайындауға облыстық бюджеттен 63,8 млн теңге қаржы бөлінді.

Биыл ауданда жүзеге асырылған маңызды әлеуметтік жобалардың бірі — Жалағаш кентін газдандыру. Жалпы құны 3 млрд 691 млн теңгені құрайтын жоба үш жыл бойы атқарылып, биыл толық пайдалануға берілді. Бүгінде 295 тұрғын үйге газ желісі тартылып, одан 65 үйге «көгілдір отын» берілді. Алдағы уақытта ауылдарды орталықтандырылған газ желісімен қамтамасыз ету қолға алынды. Қазір Ақсу елді мекенін газдандыру үшін жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге аудандық бюджеттен 9,2 млн теңге қаржы бөлінді. Сол сияқты, автомобиль жолдарын жөндеу, елді мекендердегі электр желілерін дамыту бағытындағы жұмыстар да кезек-кезеңімен іске асырылып келеді.

Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын дамыту әрдайым басты назарда. Биыл Тан және Есет батыр ауылдарындағы орта мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама аясында Жалағаш кентінен құны 420 млн теңгені құрайтын 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі жаңа оқу жылына пайдалануға беріледі. Айта кетейік, аудан бойынша биыл 321 бітірушінің 295-і (91,9%) Ұлттық бірыңғай тестке қатысып, орташа көрсеткіш 83,1 %-ті құрады.

Өткен жылы халыққа ең қажетті нысандардың бірі — 100 төсектік аурухана пайдалануға берілді. Заманауи құрылыстармен жабдықталған жаңа аурухананың ашылуы көптеген аурудың алдын алуға мүмкіндік береді деген болжам бар. Бұдан бөлек, Тан ауылынан жаңадан дәрігерлік емхана салынса, Есет батыр және Мырзайыт ахун ауылдарынан дәрігерлік амбулатория құрылысын салу жоспарланып отыр.

Аудан әкімінің айтуынша, Тәуелсіздік жылдарында ауданда 8,5 мың жұмыс орны құрылған. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2,7 есеге өсіп, 2,4 мыңға жеткен. Аудан тұрғындары таза ауызсумен тұрғын үйде қамтамасыз етілген. Әлеуметтік салада 15 медициналық ұйым және 5 мектеп, 23 балабақша, 29 спорттық кешен мен алаң пайдалануға берілген.



ТУҒАН ЖЕРДІҢ КИЕСІ



Жалпы менің ауылдастарымның – құландылықтардың жүрегі маздаған от, көкірегі тола ән-күй, кара сөзді де өлеңмен өріп айтады. Әзілдерінің өзінде өнегеге толы ғибрат жатады, қаракеттері сабырлы да саялы, мінездері аңқау да қанағатшыл-шүкіршіл. Инет-пейілдері өздерінің Аралындай мөлдір де таза, кеңпейіл. Қиыншылық-қуанышты ойлары біте қайнасып кеткен, ешбір шапырақтың мезгілінде шөбі шабылмай, отыны тасылмай, соғымы сойылмай қалған емес. Ауылдасының асырына келмей қалу әбестік, жерлеу рәсіміне қатыспай қалу құдайсыздық ретінде қатаң сыналады. Асығыс қонақ келіп қалғанда сойылатын қой өрісте болса, көршісі көгендегі маркасын жетектетіп жіберетін өнегелі де өрелі, қарапайым да қайырымды қарияларынан өнеге алған. «Таспен ұрғанды аспен ұрып» абыройға бөленген халықшыл азаматтары асылдарын ардақтауды, қадірлілерін құрметтеуді санасына жөргетінде-ақ сіңіріп алған.

Саясатқа көп араласпай, әкімдердің арқасынан сипауын дәмептей, малын бағып, балығын аулап мамыражай күн кешіп, тек Тәңір деген қожасына сүйініп, өздерін өмірге берері көп, ала-йы да жетерлік санайды. Мейірімі мол, мерейлері мәртебелі, айтары аз емес. Армандары асқақ, еңбекқорлықтың нағыз символына айнала білген менің бауырларым ерен еңбектің үлгісін көрсетеміз деп кеуде қақпайды. Алайда аштан өліп, көштен қалып жатқан олар жоқ. Қызу өмірдің бел ортасында жүргендіктен кісіге алақан жаоды қорлық санайды. Құйтқақандай Құландыдан Алаштың айтулы азаматтары шығатын уақыт келер. Дегенмен тулақтай Төбөұлақ топырағынан түлеген ғылым докторлары мен кандидаттары, орден-медаль, төбелгі иегерлері, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар көлге біткен құрақтай қаулап келеді. Иә, Жаратқан, тіл-аузым тасқа, бергеніңнен жазба!

Мектебін үлкейтіп, мешітін салып, клубын көріктендіріп, соғыс ардагерлерінің аттарын тасқа қашап өшпейтін етіп қойды. Бес арысына (ауылдың алғашқы ұстаздары Икмас Дәулетов, Обайдулла Ерекешов, Есенғали Жоласев, Жұмахмет Әуезов, Бақытжан Ермұқанов) асыл азаматтарын елдің есіне салып тұратын гранит белгі қойып, жарыса қора толтырып, бәсекелесіп бала оқытып, осы да жетеді деп токмейлісмей ұл-қыздарын алыс-жақын шаһарларға өнер-білім, ұлағат алуға жіберуді әдетке айналдырған. Балаларының түбі айналып қазығын табырына көздері жеткен. Өттеген-ай, Аралы толып асыл армандары орындағандар күн туса Құланды бағыдай гүрлдер еді-ау.

Бақилық болғандарын ақ жуып арулап аттандырып, жас үйленгендерге облыс орталығынан 900, аудан орталығынан 300 шақырым түкпірде жатса да, өркеніетке лайық мәре-сәре той жасап берудегі ауыл азаматтарының ауызбірлігі ұрпақтарға үлгі. Алла-ай десеіші, көшпелі құм, тандыры кепкен тақыр, шетсіз-шексіз егістікке жарамсыз аңқасы кепкен суыс қыр далада өмір кешіп отырған олардың мына қым-қуыт нарық заманында берекесі кетпеген, қайта еңселері әбден биіктеген. Төбөұлағының құмына дейін өлеңге қосып:

– Құм оркестр ойнағанда,
Дирижері жел болып.
Сайын дала сағыныш,
Төгіледі сел болып, –
деп көпшілік назар аударма бермейтін, айдалада көшіп жүрген ақ құмды жырына арқау етсе, енді бірі:

– Елтуым бар қыранды,

Түркі бабам ұранды.
Ұлы елімнің бөлшегі,
Мені туған Құланды, –
деп ауыл клубы сахнасында тақпайт-ады.

Бір ауылдас әженің айтуынша, Құдай адамдарға өкпелеп, өзі берген теңізін өзі алып кетіпті, бірақ, қасиетті Арал теңізі киелі жеріне түбі қайта оралады.

Иә, әже, дұрыс айтасыз.
– Бас ұрмай, бойұсынбай өлеріне,
Тулайтыны сыймайды кемеріне
Төбөұлақ тәкәппар тік тұр әне!
Сенеді семген Арал келеріне.

Төбөұлақтың қарияларымен тілдесесен, айтары: «Осы топырақта тудық, осы бейітте ата-бабамыз жатыр, біз де осы құмда қаламыз. Осы жағалауда бала-шағамыз өсіп-өнуде, енді қайда барамыз?» Міне, атамекенге адалдық! Айтарға сөз жоқ.

Кенес өкіметінің оларға қалдырғаны, қалдырғаны емес-ау, ауылдың ақсақал-қарасақалдары әуірімдеп жүріп сактап қалғаны – тек шағын мектеп, бір шаттық клуб пен жапырайған пошта үйі және бір бөлмелі дәрігерлік пункт. Нарық уақыты жеткенде төбөұлақтықтар езілуден еркіндікке жеткендей, бұғаудан бостандыққа шыққандай күй кешті. Ауырып қатты қиналғандары да, тұрмыстық, азық-түліктік заттардың жетіспеуін шыбын шаққандай қормей (ауылымыз аудан орталығы Аралдан 300 шақырым қашықта), ел бірлігін бекемдеп, ынтымағын жарастырып, ырысын шашпай, екі білегін сыбанып еңбек етудің жаңа үлгісін көрсете білді. Қарандыз, келіңіз, көріңіз, ауылының ажарын сактай білген азаматтардың игілікті істеріне куә боласыз.

Менің ауылымның қыр-қыраттарының да, жықпыл-жықпыл сайларының да, бел-белденіп, бірін-бірі қуып, бір-біріне жете алмай келе жатқан шағыл құм жоталарының аттары да жүрекке жып-жылы, естірге әдемі де жағымды. Тынданыз:

– Қасқажол, Қаратамақ, Қызылбұлақ,

Алдында Қожасайы жатыр сұлап.

Басына Бестөбенің шауып шықсаң

Шақырар Қоянқұлақ қолын булап.
Не биік-биік құзар шыңды тауы жоқ,
не сарқырап аққан асау өзені жоқ,
не болмаса арқыраған аюлы, қарағайлы-қайыңды орманы жоқ,
ең биік ағашы сексеуіл, қос уыстай ғана Құланды,
алақандай ғана Төбөұлақ оларға неге соншалықты ыстық, неге жер жаннаты болды екен?

Менің ауылымның ата-әжелерінің түсінігінше, жер кіндігі де, жерұйық та

осы – Төбөұлақ. Бұл жердің бұлағының суы бал шырғын, топырағының асты толған кен, теңізінде таусылмайтын байлық – балық, аунасан – үстінің кірі кететін ақ құмы, наукасына – ем-шіпа тұзды баптағы. Қарсыласып ештеңе өндіре алмайсың. Олардың пайымдауынша:

– Күллі қазақ бастауын,
Құландыдан алыпты.
Қазақтың пейіл мейірі,
Төбөұлақта қалыпты.
– Иә, әйгілі Арал теңізі
Адамдардың азабынан,
Тәңіріміңн тозағынан,
Қасірет кешіп талмаусырап,
Әлдекімнен сауға сұрап.
Қансырады, қақ айырды.
Үлкен теңіз мұңға батты.
Кіші Арал жарым көңіл,
Жағадағы ел құмға батты.

Тарихы жұмбақ қайран Аралдың қайғылы халге душар болғаны рас. Тарихта қалатын тағы бір ақиқат, ол – Құлайдан басқаға құлшылық етуді ар санайтын, баба салтына берік, рухы асқақ, жаны жарқын, пейілі дархан жандар теңізі тартылып, дариясы сарқылып, негізгі күнкерісі – теңізнен айырылып, тұз қауып қалған қайғылы шақтарда да (қасынан өтпегендер қайдан білсін?) шапырақтарын шайқамады, тастамады, тастамайды Аралын.

– Мен өзіңнен бір елі ажыраспап,
Итсигегім, ізенім, адыраспап.
Ұлы далам, біткенде ақтық демім,
Хаттамаға қол қоям ажырасқан.

Төбөұлақтың қариялары бастары қосыла қалса, көңілден кетпес мейірге толы жанарларын жайнатып, тер төгіп, еңбек еткен құтты мекендерінен, құм көшкен қиял даласында, боз суырыл бозарған боз даласында, араласан әрмен созыла беретін, таусылмайтын, жеткізбейтін арман даласында өткен күндерінен қалған өшпес іздерін іздеп, мәз-мәйрам болып отырғаны. Қарағайдай-қарағайдай ну қамыстын ортасындағы қалың қопасын қабан жайлаған теңізін, жел батыстан шықса шығысқа, шығыстан шықса батысқа барып қоныстанып, алуан-алуан өркеш-өркеш бей-неге не болып сап түзей қалатын, әсем желге қосылып әр түйірі әңге айналып, әр түйірі ән салатын ақ құмын шегіне жеткізе мақтайды. Жандыға жаны шықпай жеткізбейтін, патшаны да көлденең өткізбейтін акбөкені бар кең жазира даласын бақ мекені деп санайды. Жарысып желмен жететін қырандар, қиялдан озып қия кезген құландары бар аңыз даласын әңгімелеріне арқау етіп мадақтап, шалқып отырышы елділер-ау, дария көңіл дарханларым кешіріп, қаз-балаламайтын, мақсансыз жалдары абыздарым, бір атым насыбайға өкпелейтін жарықтықтарым-ау, сағыншықа айналып кеттіңдер ғой. Иә, менің мекенім – адал сенім мекені. Сенім мекені – сенің мәңгі мекенің.

О кісілердің сол басқосуынан ұққаным: «Азамат болсаң алдымен атамекен ауылыңды ойла. Еліңді ойламасаң елің де сені ұмытады. Өз ағасын ағалай алмағандар, кісі ағасын сағалай алмайды. Арман қуып алысқа, білім қуып биікке ұмтылып, талап қылу дұрыс. Алайда қағынан жеріген құлайдай, аспаннан түсе қалғандай болмай, туған жердің тасына да жерік болмай, алыста оқығандарын бір-біріне серік болып, бабажұртқа көрік болып, мұның мұңдап, жоғын жоқтап, қарлығаштың қанатымен су сепкендей болса да жассылық жасап,

келіп-кетіп жүрсендер елің де риза, алтын бесік туған жерің де риза, ата-баба аруағы да риза».

Атамның айтуынша, аспан жерден басталады. Оның қолын төбеге жеткізген кім? Кіндік қаны тамған топырақтың киесі, ауылдастарының асқарма тілегі ғой.

– Айтыңдаршы азамат па ол анық, Қалатындай тоны тозып, аты арып. Кіндік қаны тамған жерге он жылда Сағынышпен соқпағандар оралып.

Ол кісі қой кезектен шаршап, шөледіп келе жатқанына қарамай итсигектің түбіне тұрып одан қалай сабын қайна-тып алуға болатынын, адыраспанның қасына аялдап, оның қайнатындысына түсіп құяң ауруынан жазылуға болатынын, сексеуілдің шоғының тас көмірдің қуатынан кем емес кереметін, жусан арасынан ерінбей еңкейіп бір уыс қына алып, оның қайнаған суының қотыр малдарға таптырмайтын ем екенін сыналап түсіндіріп, ауылға тез жетіп қалатынбыз. Ал Құланды топырағының қасиеті мен тазалығы сонша, бұл аймақта бірде-бір зиянды, адам мен мал көдесіне жарамайтын өсімдік өспейді. Ол кісі солай дейді, біз де солай дейік, жер қадірін олардан артық білмейтіміз рас қой.

Туған жерді осылай мадақтап, осылай сүйу керек шығар!

Мектепте немересіне «Біздің ауыл неге Құланды аталған?» деген тапсырма беріпті. Мақтағаны ма, мақтағаны ма, әлде, шынында солай ма, осы сұрақты күтіп жүргендей сөйлеп бір берсін:

– Мамыра біздің түбекте,
Ғасырлар жайлап мыңғырған,
Құлан деген аң болған.
Кербездігімен таң қылған,
Туяғына дейін тәкаппар,
Жаратылысынан паң болған.
Топтасып үйір-үйірмен,
Жарысып желмен-құйынмен,
Түбекті түгел шаң қылған.
Бас имеген ешкімге,
Ешкімнен сағы сынбаған.
Адамнан басқа жауы жоқ,
Төртаяқтылардан қынбаған.
Тектілігіне тең болмаған,
Алдын ала айнытпай,
Күн райын болжаған.
Әлемде саны санаулы-ақ,
Көргеннің көзін жандырған.
Мойыл мөлдір жандары,
Сықрылап естен тандырған.
Кіріпшіз, сулу, сүйкімді,
Әлкемізге сән берген.
Дүбірлеп өтсе дүркіреп,
Топыраққа жан кірген.
Қылышпен ой салған,
Дегдар өжет, қайсардың,
Туяғымен бак кірген.
Мекеніне құланып,
Құрметіне бұл аңның,
Құланды деп ат берген.
Оны қуған тулпардың,
Шан қауып қалған тайлай.
Сымабатты, өжет тектіге,
Ескерткіш қойсаң жарайды.
Емес ғайып-қиырдап,
Құландылық сүйікті құлдарына,
Аланын сыйы бұйырған, –
деп толғады.

– Құландар неге қазақтың ұлан-ғайыр жерінен тек қана Төбөұлақ топырағын тандап, Құланды құмын мекендеп қалған? Себебі, тектілер мен қасиеттілер (құлан мен Құланды) бірін-бірі таниды, бірін-бірі бағалап, қастерлей біледі. Қазір неге аз дейсің бе? Тектілер қашанда аз, ал даналар бар болса бірен-саран ғана жаралады. Құландардың азаюы адамдардың аштығынан емес, тойымсыз ашкөздігінен, қасқой қанағатсыздығынан! Үйір-үйір жылқысы, келе-келе түйесі, отар-отар қойы, пада-пада сиыры болмаса да, мол күн көрерлік халдері бола тұра, текті хайуанды атты-шапты, етін жеп терісін сатты, әйтеуір, ештеңесін қалдырып қатыптады. Енді Түркіменстаннан әкелінген құландарды құртпаса де! Бұған әзір Аллалар басқаның амалы болмай тұр, қатаң тәртіп керек, тәртіп! (Зан керек дегені шығар). Ал киіктер мен қарақұйрықтар өздерінің өсімталдығы арқасында әзір аман жүр, қашанда дейін шыдар екен? – деп күрсінді.

– Жөргегімен жүрегіме
Жырға айналып құйылған.
Ғашық екем құмына да,
Қоныс тептің мымынан.
Тілеуіңді тілеймін,
Түгендеймін жоғыңды.
Айналымдар алаңың,
Санама саған шоғыңды.
Қуанышыңды қой етем,
Мұндаймын құла мұңыңды.
Төл перзенттік борышым,
Мақтан етем мұнымды.

Оразбай ҚОСАНОВ,
зейнеткер

ЕКПЕ АЛ!

Өнірде коронавирустың таралу қарқыны күннен күнге өршуде. Тіркелген наукас саны тәулік сайын артып барады. Еліміз бойынша да жағдай маз емес. Өнірлердің басым бөлігі «қызыл аймақта». Тек Түркістан облысы ғана «сары аймақта» тұр. Күнделікті цифрлар туралы арнайы мамандар брифинг барысында мәлімдеуде. Жағдайдың күрделі сипатта екенін облыстық денсаулық сақтау басқармасы ұйымдастырған баспасөз-турында және айқындай түстік.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Эпидахуал: дәрігерлер алаңдаулы

Алдымен Денсаулық үйіндегі ситуациялық орталықтың жұмысымен таныстық. Орталықта үш маман жұмыс істейді. Мамандар басқармаға қарасты медициналық ұйымдардың күнделікті жұмысын бақылайды. Сонымен қатар емханаға қанша адам жүгінгенін, дәрігер қабылдауына қанша адам тіркелгенін және үй жағдайында қанша адам дәрігер шақырғаны жайлы ақпараттар түсіп отырады. Наукастың ауруханаға жатқызылуына, емделіп шығуына, тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуіне және екпе алуына қадағалау жүргізіледі.

– Облыс 14 шілдеден бастап «қызыл аймақта». Қазір коронавирустың таралу деңгейі өте жоғары. Атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, станционарлар толып барады. Сондықтан инфекциялық станционарлардың санын да көбейтіп жатырмыз. Осы мақсатта ситуациялық орталықтың қызметі ерекше. Күнделікті түскен мәліметтерді қарап, саралап отырмыз, – дейді басқарма басшысының орынбасары Жалғасбек Үесенов.

Жалғасбек Тұрлыбекұлының айтуынша, халық арасында әлі де теріс пікір бар. Әлеуметтік желіде жалған ақпарат көп. Тұрғындардың сенімі әрқелкі. Қарантин талаптарын сақтамай, жиын-тойға барушылар тыйылмай отыр. Расында, мұндай жағдайға өзіміз де куә болып жүрміз. Жасырын жиын өткізгендер зардабын жан-жағына тигізуде. Қоғамдық орындарда адам қарасы көп. Маскалық режимді де ұстана бермейміз. Содан болар, вирустың әлі де дендеп тұрғаны.

«Дәрі-дәрмек қоры мен тыныс алу аппараты жеткілікті ме?» деп сұрадық. Бұл мәселеде ешқандай кедергі жоқ екен.

Мұнан әрі көпбейінді облыстық балалар ауруханасына бардық. Бас дәрігер Зоя Көшенова сырттан қарсы алды. Себебі, мұнда келушілер саны шілде айында едәуір артқан. Ал, коронавируспен ауыргандар сәуір айында тіркеле бастапты. Эпидемиологиялық ахуал күрделі. Ауруханадан балаларға арналған КВИ бөлімшесі ашылған. Сәуір айында 20 төсек-орын болса, оның 4-уі – реанимациялық төсек-орын. Алайда шілде айында аурудың балалар арасында көбеюіне орай, орын саны артып, қазір 70-ке қайта толықтырылды. 20 төсек-орын ересектерге, 50-і балаларға арналды. Зоя Рахатқызы қазір ауруханада 60 наукас ем алып жатқанын айтты. Оның 40-ы бала болса, 20-сы ересек адам. 4 бала реанимация бөлімінде емделуде. Жағдайлары тұрақты ауыр және дәрігерлердің қатаң бақылауында екен. Балалардың арасында ең үлкені – 14 жаста. Көбіне 3-5 жас аралығындағы балалар. Күніне 4-5 жағдай тіркеледі екен. Бас дәрігер балалар арасында аурудың көбеюіне анализ жүргізген. Натіжесінде, ата-анасы екпе алмаған, балаларын ойын-сауық орталықтарына, бассейндер мен көпшілік шоғырланатын орындарға апарғаны анықталған. Ол облыстағы эпидемиялық аху-

алдың тұрақсыздығына орай ата-аналардың балаларға үй жағдайында ерекше күтім жасау керектігін де ескертті.

Одан әрі көпбейінді қалалық ауруханаға аялдадық. Аурухана алды қызыл жолақпен қоршаулы. Арнайы антисептик шашатын дәліз қойылған. Ауруханаға кіріп-шығу қатаңдалтылғаны байқалады. Айнала тып-тыныш. Десек те, іште талай адам өмір мен өлім арасында арналысып жатқаны белгілі. Дем жетпей, тынысы тарылып, індеттің құрығынан тезірек құтылуға тырысуда. Сырттағылар қалыпты өмір сүріп жатқанымызбен, мұндағы наукастарда үрей мен қорқыныш басым. Дәрігерлердің қамқорлығы арқасында кеудеде үміт оты маздайды.

Бас дәрігердің сөзінен ұққанымыз, көпбейінді қалалық аурухана облыстық денсаулық сақтау басқармасының бұйрығымен осы жылдың 14 шілдесінен бастап инфекциялық аурухана ретінде жұмысын жалғастыруда. Эпидемиологиялық ахуалға байланысты аурухана есебінде 30 инфекциялық төсек-орын болған. Наукастардың көптеп түсуі, ахуалдың күрделенуіне байланысты 60 төсек-орынға арналған. Қазір 180 орынға дейін кеңейтілген.

Қазір ауруханада 185 наукас ем қабылдауда. Оның 12-сі реанимация бөлімінде. Эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуіне сайын түсіп жатқан наукастардың жас ерекшеліктері әртүрлі. Оның ішінде жүкті әйелдер де аз емес. Наукастар мұнда мұрын бітелуі, тамақ ауруының белгілері, дене қызуы көтеріліп түскен. Сонымен қатар келушілердің көпшілігі вакцина алмаған. Көпбейінді қалалық аурухананың бас дәрігері Бауыржан Төлеген жағдайдың ауыр екенін жеткізді. Күннен күнге наукастар саны артып, ауыр және аса ауыр жағдайдағы түсушілер көбейген. Осыған байланысты аурухана ішкілік жедел іс-шаралар қолданылып, ем алушыларға сапалы медициналық көмек көрсетілуде.

Бас дәрігерге «түсіп жатқан наукастардың арасында коронавирусқа қарсы вакцина салдырғандар бар ма?» деген сауал қойдық. Бар екен. Бірақ көп емес. Дегенмен, оларда ауру жеңіл өтіп жатқанын айтты.

– Әлем бойынша белен алған індеттің алдын алу үшін санитарлық талаптарды қатаң сақтау, вакцина алу, аурудың белгілері байқалған жағдайда тез арада аймақтық емханаға көріну немесе жедел жәрдем шақырту керек. Бастысы, қарантин талаптарын ұстанып, қоғамдық тәртіпке бағыну маңызды екенін еске салғым келеді, – деді Бауыржан Төлегенұлы.

Түйгеніміз – дәрігерлердің бәрі де індеттің кен таралуына алаңдаушылық білдіріп отыр. Білген кестерін айтып, халықты сақтандырудан анып қалып жатқан жоқ. Сондықтан әрбір адам вакцина алып, қарантин талаптарын ұстану керек.

Бейқамдықтың басқа тиіп жатқанын ешкім жасыра алмайды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Байқоңыр» ӘҚК» АҚ Қызылорда облысының кәсіпкерлік субъектілерін бірінші сорты бидай ұны, бірінші сорты ұннан жасалған бидай наны (пішінді) тауарының бағасын тұрақтандыру үшін займ алуға шақырады. Займ бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі су шаруашылығы саласының ардагері

Досболов Сламхан Серікбайұлының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І ҚР Заңының талаптары және «Достық Жер МК» ЖШС-ның Жарғысы негізінде құрылтайшылар бастамасы бойынша «Достық Жер МК» ЖШС қатысушыларын кезектен тыс жалпы жиналысқа шақырамыз.

Жиналыс санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2021 жылдың 30 тамызында сағат 10.00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылының клубында өткізіледі.

Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстары бойынша есепті бекіту.
- Серіктестіктің атқарушы орган-директорының 5 жыл мерзімге сайлау.
- Директорды сайлау туралы қабылданған тиісті шешім туралы уәкілетті органға хабарлау мәселелері қаралады.

«Достық Жер МК» ЖШС
БИН: 080240010157

Қоғамдық тыңдау өткізеді

«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы «Қызылорда облысының Жанашиелі, Келінтобе, Сунаката, Әйтек және Q-2 каналдарында суды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізумен гидростаттарды қайта жаңарту» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасын Қызылорда облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы өткізеді.

Тапсырыс беруші: ҚР ЭГТРМ Су ресурстары комитеті «Қазсушар» РМК. Мекен-жайы: Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі №8 үй, байланыс телефоны:

8(7172)-72-52-70.
Жобаны дайындаушы: «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Төле би №66 үй, байланыс телефоны: 8(7242)-23-32-50.
Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар мына электрондық поштада қабылданады: kzvod_hoz@mail.ru.
Тыңдауды өткізу мерзімдері: 1. 9 тамыз 2021 ж., сағат 10:00-де Қызылорда қаласы, Төле би №66 үй.

«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы



ЖАҢАН ЖАНАРЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯ

Көңіл алаң, үміт үзілмейді

Алдыңмен 2004 жылы Афинада Бактияр Артаев чемпион атанса, 2008 жылы Бақыт Сәрсекбаев, 2012 жылы Серік Сапиев, 2016 жылы Данияр Елеусинов жеңімпаз болған. Биыл 69 келі көзден бұлбұл ұшты. Үлкен сенім артқан Василий Левит (91 келі) алғашқы бәсекесінде испаниялық Эммануэль Рейес

Пладан нокаутпен жеңіліп қалды.

Алғашқы жекпе-жегін сәтті өткізген Серік Теміржанов (57 келі) 1/8 финалда америкалық Дюк Реганға есе жіберді. Ол ол ма, басты үміткеріміз Бекзат Нұрдуллетов (81 келі) алғашқы жекпе-жегінде Имам Хатаевқа ұтылды. 2019 жылғы Әлем чемпионатында кубалық Хулио

Сесар Ла Крус және өзбекстандық Дилшодбек Рузметовты жеңіп, жанкүйерін желпінткен Бекзат бұл жолы биіктен көріне алған жоқ.

2016 жылы Олимпиада чемпионы атанған Дмитрий Баландин де финалға шыға алған жоқ.

Токио Олимпиадасында дзюдодан бірнеше жүлде бұйырады деген үміт бар

еді. Қола жүлде алған Елдос Сметовтен өзгесі елге бос қайтты.

Қысқасы, әзірге ел жанкүйерлерінің көңілі алаң. Олимпиаданың басталғанына аптаға жуық уақыт өтті. Қазақстандық спортшылар небәрі үш қоланы місе тұтып тұрған жайы бар. Алдағы күндер асжолтай жаңалыққа ұлассын дейкі!



Ұлтының сенімі ұзаққа ұшырғай

– Отбасында үш ұл, бір қызым бар. Үлкені – Әлібектің спортқа қатысы жоқ, қазір басқа салада қызмет атқарады. Екінші ұлым – Аскар алғашқыда бокспен айналысқан еді. Кейіннен жекпе-жек спортына ауысып кетті. Ережесіз жекпе-жекпен әлем чемпионатында жүлдегер атанды. Қамшыбек үш ұлдың кеңжесі. Одан кейін Айгерім атты қызым бар. Бізді полицейлер отбасы деп атайды. Әкем секілді мен де ішкі істер саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқардым, қазір зейнеткермін. Аскар мен Қамшыбек те қазір осы салада еңбек етеді. Қысқасы, біздің әулеттегі ағалар мамандық иелері үш бұынға жалғасып отыр. Анасы – Ұлбосын балалардың жағдайын жасап, үй шаруасында болды. Қамшыбектің боксқа келуіне ағасы Аскардың ықпалы зор. Спортқа 15 жасында қадам басса да Қамшы-

бек бірден-ақ еңбекқорлық қасиетімен көзге түсті. Мен баламның жекпе-жегін тікелей эфирде тамашалауға құмар емеспін. Анасы мүлдем көрмейді. Оны әрбір ата-ана жақсы түсінеді деген ойдамын. Әрбір спортшының арманы – Олимпиада екені белгілі. Алла қолдап, Қамшыбек сол биікке иек артып отыр. Оған ерекше дайындығын жасады. Ендігі кезекте сәттілік серік болсын деп тілеймін, – дейді Бисенбай Қоңқабаев.

Ал бапкер Жәміл Жүсіпов шәкірті Қамшыбектің нағыз ерлік көрсететін сәті келгенін айтады.

– Қашанда спорттың аты спорт. Олимпиада төрінде атой салу кез келген адамның маңдайына жазыла бермейді. Қамшыбекке осындай жауапкершілік туып тұр. Ол бүгінге дейін әбден ысылды. Әрбір жекпе-жегінде жанкүйерді қуантатын нәтижеге қол

жеткізуге тырысады. Жалпы, 91 келіден жоғары салмақта тәжірибелі боксшылар жетерлік. 2019 жылғы Әлем чемпионатында оның жолы өзбекстандық Бахадир Жалоловпен түйісті. Кейінгі Азия чемпионатында да сол қарсылашымен шеберлік байқасты. Мамандар Олимпиада финалында екеуі кездеседі деп жорамал жасап отыр. Айта кетерлігі, биыл Олимпиада әлемдік рейтингте алғашқы төрттікте тұрған былғары қолғап шеберлерін екі-екіден екі топқа бөліп тастады. Бұл байырғы қарсыластар бір-бірімен кем дегенде жартылай финалға дейін қолғап түйістіре алмайды дегенді білдіреді. Қамшыбектің алғашқы жекпе-жегі егінгеттік Есир Рез Мустафамен, бұл спортшыны бұрын естіген емеспін. Шәкіртімнің жеңімпаз боларына сенім артамын, – дейді Ж.Жүсіпов.



Әлем әдемілікке құштар

Олимпиаданың ашылу салтанатында елдің туын Қамшыбек Қоңқабаев пен Ольга Рыпакова алып шыққан еді. Жапондықтардың сүйіспеншілігіне бөленген Ольга бірден-ақ Химе-Ханшайым атанды. Себебі біздің команда МАИ HIME телехикаясы музыкасының сүйемелдеуімен алаңға шыққан.

Сб Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Сол күні әлемдік жанкүйерлер де Twitter парақшаларында қазақстандық делегация туралы тамсанып жазып жатты. Ал, Ұлттық Олимпиада комитетінің Instagram парақшасы шетелдіктердің жылы лебізіне толды.

Шеруде ел туын көтеріп шыққан қос спортшының қазақы нақыштағы киімі Ұлттық Олимпиада комитетінің тапсырысы бойынша тігілген. Көз жауын алған киім үлгісін әзірлеуге Ә.Қасеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының мамандары үлес қосып, алматылық модельер Виолетта Иванованың қолымен тігілген.

Әлем әдемілікке құштар. Сол күні-ақ жапондық қылқалам шебері Нисо Қамшыбек пен Ольганың суретін салды. Сүйкімді аниме стиліндегі суретте Ольга шыншыммен-ақ ханшайым секілді.

Өдеттегі спортшылардың киімі белгілі. Бастысы костюмнің ыңғайлы, еркін болуы еді. Ал бұл жолы ақ костюмге оюдың бедерленуі қазақы болмысты Қамшыбектің нар тұлғасын биіктеге түсті. Спортшы болғасын, атлет қыздың шалбары бар костюм киюіне де болар еді. Бірақ, нәзік әрі кестелі қойлектің етек-жеңі ұзын болуы Ольганың сұлулығын айшықтады.

Айта кету керек, бұрын дәстүр бойынша қатысушы мемлекеттердің шеруінде ел байрағы бір спортшыға табысталады. Кейін гендерлік саясатты насихаттау мақсатымен Халықаралық олимпиада комитеті ел туын бір ер және бір әйел адамның алып шығуын міндеттеді.

Есті ел ерекшелігін ескеріп жүреді. Әлем көз тіккен аламанда қазақы болмыс, сан мың жылдық мәдениетіміздің озық болғаны қуантады. Халық арасында үкілі көмшан, бүрмелі көйлек деп әнге қосылған біздің киминан бағасын жұртшылық осылай білгендігі. Ал, олимпиадашыларымыздың формасын Forbes журналы ең стильді униформа қатарына қосты.

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрылымы бойынша көптеген еректер ерте ме, кеш пе созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілерді береді, ол зәр шығарудың бұзылуы, жайсыздық және әртүрлі ауырталшылық және де жыныстық қызметтің бұзылуы.

Оның қандай себептен болатынын талқыласқ,

Созылмалы простатит кіші жамбас аймағындағы тоқырау құбылыстары әсерінен кез келген жаста пайда болуы мүмкін, оған өз кезегімен өмір салты, салқындап алу, зиянды әдеттер және т.б. себеп болады. Қобығнан простата безі көлемін арттырып, уретранды және ұрық жолдарын қысады осының нәтижесінде зәр шығару бұзылып, ауру сезімдері, эректильді өзгерістер пайда болады.

Простата аденомасы, бұл дерт көбінесе 50 жастан асқан еркектерде кездеседі.

Қуықасты безінің қатерсіз ісігі, гормоналды фонның бұзылуынан және тестостерон (негізгі еркектік гормон) гормоны бөлінуінің азаюынан түзіледі.

Мұнда да ісінген қуықасты безі простатиттегі сияқты уретранды және ұрық жолдарын қысады, осыдан зәр шығарудың бұзылуы пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал тестостеронның төмен деңгейі, еркектік қабілеттіліктің нашарлапатады.

Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр – зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жаңадан қабыну процестерін туындапатады.

Көбінесе егде жастағы еркектерде, простатит және простата аденомасы симптомдары ұқсас немесе симптомсыз бірдеңе жүреді, көпшілік бұл екі дертті біреу деп қабылдап, өз жағдайының қауіптілігін түсінбейді. Дертпен әлсізген органдарда бас радиакандар саны артып, ол қатерлі ісікке дейін апаруы мүмкін.

Ұлыбританиялық ғалымдар тарапынан жасалған коллоидтік ерітінді «Мастер Мен» американдық коллоид AD «Medicine Limited» зауытында шығарылады. «Мастер Мен» қуықасты

безі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қалыпта келтіреді.

Препарат қуықасты безіндегі, неспеп қалпағы және уретранды каналдағы қабынуы басиды. Зәр шығаруды дұрыстайды, неспеп қалпаның икемділігін арттырады, сондай-ақ гормондардың фонды дұрыстайды, еркектік гормондардың бөлінуі қалыпқа келгенде, эрекция жақсарып және де аденоманың өсуі тежеледі.

«Мастер Мен» европалық стандарт GMP тарапынан расталған, отандық және халықаралық сертификаттандырылған және әлемнің ең үздік мамандарымен қосылған.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді.

Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақытлығы 3 аптадан бастап.

Қарсы көрсетілімдері: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, ұйқысыздық, жүйкелік қозудың артуы.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорабына тапсырыс бергенде -20 % жеңілдік, ал 4 қорабына -40 % жеңілдік жүреді.

-40%

Науқан бойынша тауарлар саны шектеулі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.



БАД, дәрілік зат болып табылмайды

«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 705 926 18 00 телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.